



В2 ортадан жоғары деңгей

Тақырыбы: **Қазақстан экологиясы**



Оқытушы:
Жазира Смағұлова



Ой шақыру



Қазақстан экологиясы дегенде
ойымызға не келеді?



Еліміздегі ең маңызды экологиялық проблемалар





Тапсырмалар орындайық!



ЖАЗЫЛЫМ



**Тиісті жалғаулықты қойып,
жазыңыз.**

Ол Сингапурдегі қоғамдық орындардағы тәртіппен танысып жүр, жақында Сингапурге бармақшы.

Қала маңында қоқыс төгетін арнайы орын жоқ, қала тұрғындары наразылық тудырып отыр.

Бүгін ол экология мәселесіне арналған республикалық конференцияға қатысады, кеше түні бойы баяндамасына дайындалды.

Экологиялық таза өнім алу үшін жақсы технология керек, отандық ірі компаниялар шетелдік әріптестерімен тәжірибе алмасуда.



ЖАЗЫЛЫМ



Сөйлемдерді аяқтаңыз

Республикалық қоршаған ортаны қорғау ұйымдарының жұмысын жақсарту керек, себебі

Қазіргі кезде экологиялық жағдай барлық адамзатты алаңдатып отыр, сондықтан.....

Қоғамдық орындарда тәртіп бұзушыларды қатаң жазалаған дұрыс, себебі

Қытайда көшелерде, демалыс орындарында сағыз тастауға болмайды, өйткені

Мен туған жерімді, қаламды жақсы көремін, сол себепті





ОҚЫҢЫЗ

Қала көшелерінің бірінде келе жатқанымда мынадай жағдайға куә болдым. Баласын жетектеген әйелдің қолындағы пакет толы қоқысты, қоқыс жәшігіне салмай жол жиегіне тастай салғанын көрген әлдекімдер: «Мұныңыз не, қоқыс жәшігіне салмайсыз ба? Тазалыққа көңіл бөлсеңізші» - деуі мұң екен, әлгі әйел: «Онда сенің не шаруаң бар, қайда тастаймын өзім білем, аула сыпырушылар тегін ақша ала ма? Солар тазаласын», - деп кете барды.



ЖАЗЫЛЫМ



**•Демалушылар назарына!
• Құрметті көршілер!
•Құрметті қала тұрғындары!**
**тақырыптарына байланысты
үлгі бойынша хабарландыру жазыңыз.**

Демалушылар назарына!
Құрметті қала тұрғындары мен қала қонақтары,
«Ақ қайнар» демалыс орнында өздеріңізден кейін
қоқыс қалдырмауларыңызды сұраймыз. Қоқыс
жәшігі әр жүз метр сайын қойылған.

Құрметпен, «Ақ қайнар» әкімшілігі



Үй тапсырмасы

Үлгі бойынша хабарландыру жазыңыз

Құрметті көршілер!

34-үйдің тұрғындарына кіреберісте және есіктеріңіздің алдында қоқыс тастамауларыңызды сұраймыз. Сондай-ақ, баспалдақтарда шылым шекпеулеріңізді өтінеміз. «Алыстағы ағайыннан жаныңдағы көрші артық», демекші бір-бірімізді сыйлайық. Бұл – біздің үйіміз, мұнда сіз бен біз тұрамыз!

**Ізгі ниетпен, көршілер!
Құрметпен, «Ақ қайнар» әкімшілігі**

Құрметті қала тұрғындары!

Ағымдағы жылдың 26 қыркүйегінде «Менің қалам – таза қала» атты сенбілік өтеді. Сенбілікке барлықтарыңыз атсалысасыздар деп үміттенеміз!

Әкімдік



Назарларыңызға рақмет!

